

Бекзат Бегалықызы Динаевафилология ғылымдарының кандидаты,
Astana IT University, Қазақстан, Астана қ.

ORCID: 0000-0002-3015-0515 E-mail: bekzatdinayeva@gmail.com

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ПАРЕМИЯЛАРЫНЫҢ ЛИНГВОСИНЕРГИЯСЫ

Андатпа. Мақала қазақ және түрік паремиологиялық қорының өзіне тән ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Бұл зерттеудің мақсаты – қазақ және түрік мақал-мәтелдерінің өзара синергиялық байланысын, олардың ортақ және ерекше белгілерін анықтау. Зерттеу мақсатын іске асыру үшін ғылыми теориялық зерттеу әдістері қолданылды. Қазақ тіліндегі 340, түрік тіліндегі 309 паремиялық бірлік аясында талдау жүргізілді. Бұл зерттеу нәтижесінде автор қазақ және түрік мақал-мәтелдерінің когнитивтік, этнолингвистикалық, прагматикалық, синергетикалық аспектілері бойынша белгілі бір ұқсастықтар мен айырмашылықтар кешені бар деген қорытындыға келді. Жеке логикалық бірлік, тілдік құбылыс, қоршаған дүниені көркем қабылдау нысаны ретінде қарастырылатын паремиялардың синергиялық байланысы, олардың қазіргі шығыс мәдениетіндегі ерекше рөлі талданды. Ұлт менталитетінің, оның дүниетанымы мен қоршаған әлемге қатынасын көрсететін паремияларды жеке тілдік бірлік ретінде зерттеу маңызды. Әрбір ұрпақтың ата-бабасының ұлттық, дәстүрлі, мәдени, тұрмыстық, этникалық көзқарасын жаңғыртуға шақыруы ұсынылған тақырыптың өзектілігін дәйектейді. Қазақ-түрік паремиологиялық қорын лингвосинергиялық аспектіде зерттеу, қыпшақ және оғыз топтарына жататын паремиялардың жалпы және ерекше белгілерін талдау, қазақ-түрік паремиологиялық қорының лексемаларына статистикалық-семантикалық талдау жасау зерттеудің өзіндік ерекшелігі мен жаңалығын көрсетеді.

Тірек сөздер: паремия; синергия; ұжымдық сана; мақал-мәтелдер; аттрактор; репеллер**Сілтеме жасау үшін:** Динаева Б.Б. Қазақ және түрік паремияларының лингвосинергиясы. *Tiltanyim*, 2024. №4 (96). 25-39-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-25-39>**Бекзат Бегалықызы Динаева**

кандидат филологических наук,

Astana IT University, Казахстан, г. Астана

ORCID: 0000-0002-3015-0515 E-mail: bekzatdinayeva@gmail.com

ЛИНГВОСИНЕРГИЯ КАЗАХСКИХ И ТУРЕЦКИХ ПАРЕМИЙ

Аннотация. Статья посвящена исследованию характерных особенностей паремиологических фондов казахского и турецкого языков. Целью данного исследования является выявление синергетических связей между казахскими и турецкими пословицами и поговорками, а также их общих и отличительных черт. Для достижения цели исследования использовались научно-теоретические методы исследования. Анализ проводился в рамках 340 паремических единиц в казахском и 309 в турецком языках. В результате исследования автор пришел к выводу, что казахские и турецкие пословицы демонстрируют определенный комплекс сходств и различий в когнитивном, этнолингвистическом, прагматическом, синергетическом аспектах. Были проанализированы синергетические связи паремий, рассматриваемых как отдельная логическая единица, языковое явление, форма художественного восприятия окружающего мира, подчеркнута их особая роль в современной восточной культуре. Важно изучать паремии как отдельные языковые единицы, отражающие менталитет нации, ее мировоззрение и отношение к окружающему миру. Призыв каждого поколения к возрождению национальных, традиционных, культурных и бытовых этнических отношений своих предков обосновывает актуальность предлагаемой темы. Изучение казахско-турецкого паремиологического фонда в аспекте лингвосинергетики, анализ общих и специфических признаков паремий, относящихся к кипчакской и огузской группам, а также статистико-семантический анализ лексем казахско-турецкого паремиологического фонда свидетельствуют об оригинальности и новизне исследования.

Ключевые слова: паремия; синергия; коллективное сознание; пословицы и поговорки; аттрактор; репеллер**Для цитирования:** Динаева Б.Б. Лингвосинергия казахских и турецких паремий. *Tiltanyim*, 2024. №4 (96). С. 25-39. (на каз. яз.)DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-25-39>

Bekzat Dinayeva

Candidate of Philological Sciences,

Astana IT University, Kazakhstan, Astana

ORCID: 0000-0002-3015-0515 E-mail: bekzatdinayeva@gmail.com

LINGUOSYNERGY OF KAZAKH AND TURKISH PAREMIA

Abstract. The article is dedicated to exploring the characteristic features of the Kazakh and Turkish paremiological funds. The aim of this research is to identify the synergistic connections between Kazakh and Turkish proverbs and sayings, as well as their common and distinctive features. Scientific-theoretical research methods were utilized to achieve the research goal. An analysis was conducted within the framework of 340 paremic units in Kazakh and 309 in Turkish languages. As a result of this study, the author concluded that Kazakh and Turkish proverbs exhibit a certain complex of similarities and differences in cognitive, ethnolinguistic, pragmatic, and synergistic aspects. Synergistic connections of paremia were analyzed, considered as separate logical units, linguistic phenomena, forms of artistic perception of the surrounding world, highlighting their special role in contemporary Eastern culture. It is important to study paremia as separate linguistic units reflecting the mentality of the nation, its worldview, and attitude towards the surrounding world. The call of each generation to revive the national, traditional, cultural, and everyday ethnic relations of their ancestors justifies the relevance of the proposed topic. The study of the Kazakh-Turkish paremiological fund in the aspect of linguo-synergetics, analysis of the common and specific features of proverbs related to the Kipchak and Oghuz groups, as well as the statistical-semantic analysis of lexemes of the Kazakh-Turkish paremiological fund demonstrate the originality and novelty of the research.

Keywords: paremia; synergy; collective consciousness; proverbs and sayings; attractor; repeller

For citation: Dinayeva, B. Linguosynergy of Kazakh and Turkish Paremi. *Tiltanyim*, 2024. №4 (96). P. 25-39. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-25-39>

Кіріспе

Кез келген тілдегі паремиологиялық қор ұжымдық санадан туған, көптеген ұрпақтың сынынан өткен және ұрпаққа ұжымдық құндылықтарды таныту құралы ретінде берілген мағыналарды біріктіру феномені ретінде қабылданады. Мақал-мәтелдер көпмәдениетті тіл білімінің феномені ретінде қоршаған орта шындығын стереотиптік бағалаудың афоризмдік үлгілеріне негізделген. Оларды қабылдау мәдени-әлеуметтік даму үдерісінде өзгеруі мүмкін. Бұл, көбінесе, астарлы (ауыспалы) мағынада жұмсалатын паремиялардың лингвомәдени кодының «ашық» сипатына байланысты болып келеді.

Мақал-мәтелдер халық туындысы болғандықтан, кейінгі ұрпаққа олардың бастапқы жасалу уәжін табу, оны түсіну қиындық тудырып жатады. «Лингвомәдени массив ішінде тура мағынасын сақтаған паремияларды өзіне тән идиомалық табиғатына байланысты жеке мәтіндік өріс ретінде қарастыруға болады» (Антонова, 2020: 8). «Мақал-мәтелдердің өзіне тән ішкі мүмкіндіктеріне байланысты оларды зерттеу өте қиын, өйткені оларды бір мезгілде жеке логикалық бірлік ретінде де, тілдік құбылыс ретінде де, қоршаған дүниені көркем қабылдау нысандары ретінде де қарастыруға болады» (Гафарова, 2017: 54).

Ескі замандарда пайда болып, бүгінгі күнге дейін жеткен ерекше әрі бірегей этнолингвистикалық құбылыс – паремияларда халықтың дүниетанымы, дәстүрлі өмір салты мен құндылықтары бейнеленеді. Мақал-мәтелдер қазіргі заманауи шығыс мәдениетінде жалғасын тауып, ауызекі сөйлеу әдебіне де, әдеби тілге де әсер етеді. Лингвомәдени сипаттағы бірлік ретінде этнос менталитетін айқындайтын паремиялардың синергиясын зерттеу кейінгі ұрпаққа ұлттық құндылықтарды жеткізу мақсатынан туындайды.

Қазақ және түрік халықтарының паремияларын синергетикасы ерекше этнолексикалық сөздік қор құрайды. Бұл бүгінгі қоғамның рухани-әлеуметтік жаңғыру, өзгеру деңгейіне сәйкес сөз әлеуетінің танылуы мен жан-жақты ашылу мүмкіндігін көрсетеді. Сайып келгенде, қазіргі қазақ және түрік тіл біліміндегі тілді зерттеудің жаңа ғылыми үрдісіне сай танылатын лингвомәдени сөз байлығы арқылы екі халықтың рухани өрісімен сабақтас ұлттық болмысын тани аламыз. «Ұлттық болмыс тіл арқылы бейнеленген ұлттық мазмұннан көрінеді. Ұлттық мазмұндағы мақал-мәтелдің синергиялық құдіретін тануға қатысты лингвомәдени үрдістің жалғасып, өріс алуы «тілдің ұлтты рухтандырып, оның ішкі, сыртқы келбетін өрнектеп, материалдық өндіріс пен тұрмыс күйін ұлттың рухани дүниесімен сабақтас сипаттайтын

этнотаңбалар жүйесінің өзекті арқауы болуында» деген қағидаға бекіткен этнолингвистика арқылы сипаттауға болады (Манкеева, 2008: 90). Этнолингвистика саласына сәйкес этнос болмысын оның тілі арқылы танытатын ғылыми зерттеулерде мақал-мәтелдің бойындағы ұлттық рух жан-жақты және кешенді тұтастықта ашылады.

Қазақ және түрік тілдеріндегі паремиологиялық қордың синергиясын теориялық және практикалық-эмпирикалық әдістер арқылы зерттей келе, екі ұлттың мақал-мәтелдерінде тарихи дамудың жалпы сипатына байланысты когнитивтік, этнолингвистикалық, прагматикалық, синергетикалық аспектілердегі белгілі бір ұқсастықтар кешенінің бар екендігі туралы материалдарды жинақтап, талдап, соның негізінде екі халықтың өмір салтындағы құндылықтардың рөлінің жоғары екендігіне және аумақтық-географиялық тіршілік ету ортасының өзгеруіне байланысты түрік халқының отырықшылыққа ертерек көшуімен байланысты айырмашылықтардың да бар екендігіне көз жеткіздік.

Бұл зерттеудің мақсаты – қазақ және түрік тілдеріндегі паремиялардың синергиялық байланысын, олардың ортақ және өзіндік ерекшеліктерін эмпирикалық материалдарды салыстыра отырып анықтау. Қазақ және түрік паремияларының лингвосинергиясы – екі халықтың мәдениеті мен тіліндегі ортақ рухани құндылықтарды, дүниетанымдық ерекшеліктерді және ұғымдық негіздерді синергетикалық тұрғыдан қарастыру. Лингвосинергия – паремияларды тіл мен мәдениет тоғысында зерттейтін бағыт, ол тілдік құрылымдардың мағыналық байланысын, семантикалық үйлесімін және ұлттық дүниетанымдағы ортақтық пен айырмашылықтарды зерттеуге мүмкіндік береді.

Қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдердің синергиялық ерекшеліктерін салыстырмалы түрде зерттеп, олардың ортақ және ерекше белгілерін анықтау, лексемаларға статистикалық-семантикалық талдау жасау арқылы қазақ және түрік әлеміндегі ғаламның тілдік бейнесіне жаңа көзқараспен қарау ғылыми мақаланың түпнұсқалығы мен жаңалығын білдіреді.

Материал және әдістер

Бұл жұмыстың талдау нысанына қазақ және түрік мақал-мәтелдерінің қазіргі заманғы қоры алынды. Зерттеудің эмпирикалық материалы қазақ тіліндегі 340, түрік тіліндегі 309 паремиялық бірлікке негізделген. Ғылыми мақаланы әзірлеу үшін теориялық жалпы ғылыми (сипаттау, талдау және жинақтау, аналогия, индукция және дедукция, жіктеу әдістері) және эмпирикалық (деректер жинау, статистикалық талдау, сандық есептеулер) зерттеу әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Түркі тілдер тобына жататын паремиялардың зерттелу тарихы XI-XII ғасырда өмір сүрген ойшылдардың өз туындыларына көркемдік қуат беру үшін мақал-мәтелдерді пайдаланған шығармаларынан бастау алады. Түркі паремияларына арналған алғашқы еңбек паремиологиялық материалдарды түпнұсқада жазып алған ортағасырлық ақын Ахмет Йүгінекидің «Хибатул-хақайық» («Ақиқат сыйы») шығармасы болды. Сонымен қатар мақал-мәтелдер орта ғасырлардағы түркі ғұламаларының адам өмірінің белгілі бір салаларына, атап айтқанда, саясатқа, әскери істерге және медицинаға арналған еңбектерінде де кездеседі. XIX ғасырда өмір сүрген зерттеушілер даналық сөздерге халықтың төл мәдениетінің көрінісі ретінде қарап, мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіруге емес, оларды жинақтап, жазып алуға көңіл бөлген. Бұл үрдіс бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді.

Ұлттық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі – мақал-мәтелдер XX ғасырда ғалымдардың қызығушылығын тудырғанымен, көптеген ғылыми еңбектер мақал-мәтелдерді әдеби тұрғыдан зерттеуге бағытталды. Мақал-мәтелдерді лингвистикалық тұрғыдан зерттеген ғылыми жұмыстар әлі де болса, жеткіліксіз. Бұл, әсіресе, түркі тобындағы тілдерге, атап айтқанда, қазақ және түрік тілдеріне де қатысты. Жеке түркі тілдерінің паремиологиялық қоры жөнінде біршама зерттеулер жүргізілсе де, қазақ-түрік тілдеріндегі паремиологиялық қордың синергиясы туралы лингвистикалық зерттеулердің өте аз екендігін айту қажет.

Қазақ тілінің паремиологиялық қорын зерттеушілер қазақ паремияларының нысандары мен жанрлық ерекшеліктеріне, олардың әлеуметтік-мәдени сипаттамаларына көп көңіл бөледі, сондай-ақ түркі тілдер тобына жататын этностардың паремиологиялық қорына тән жалпы ерекшеліктерге қатысты қорытындыға келе отырып, мақал-мәтелдерді санаттарға бөлуге

тырысады. Қазақ паремиологиясының антрополингвистикалық бағыттағы дербес пән ретінде қалыптасуының теориялық тұжырымдамасын негіздеп берген академик Ә.Қайдар мақал-мәтелдердің тілде пайда болу факторлары дами келе адамға, оның сын-сипаты мен мінез-құлқына, іс-әрекетіне, қалып-күйі секілді қасиеттеріне ауысу уәждерін айқындау, мән-жайын тарқатып түсіндіру, соның негізінде мақал-мәтелдер мазмұн-мағынасының бүгінгі этнопедагогикалық тұжырымдаманың арқауына айналуын дәйектеу, мақал-мәтелдердің логика-семантикалық жіктелу қағидаттарын айқындай отырып, тақырыптық-мағыналық тұрғыдан топтастыру және жүйелеу, этностың «тіл әлеміне» құйылар этнолингвистикалық арналардың ең құнарлысы ретінде олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесін анықтау тәрізді басты мәселелерді паремиялардың этнолингвистикалық өзекті мәселелері қатарында көрсетеді. Сондай-ақ мақал-мәтелдерді «тірек» сөздер арқылы тақырыптық топтар жүйесіне енгізе отырып, олардың бойындағы негізгі және туынды мағыналық өзгерістердің тілдік тетіктері мен уәждерін айқындауды этнолингвистиканың күрделі міндеттері қатарына жатқызады (Қайдар, 1998: 25-26). Ә. Қайдардың мақал-мәтелдерді этнолингвистикалық аспектіде зерттеуге байланысты ғылыми пікірлері мен тұжырымдарын, сонымен бірге Н.А. Амосова, А.В. Кунин, В.В. Виноградов, В.Н. Телия, В.М. Мокиенко, М.Т. Тагиев, И.И. Чернышева, Н.Н. Пантусов, Я. Лютш, А.И. Ефимов т.б. орыс фразеологтері мен Г.Л. Пермяков, Ю.М. Котова секілді паремиологтердің іргелі еңбектерін теориялық-методологиялық тұғыр еткен М. Мирза, Г. Қалиева, Ж. Исаева, Р. Жүнісова т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қазақ мақал-мәтелдері танымдық, прагматикалық, этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан қарастырылады (Динаева, 2013: 16).

Түрік паремияларын зерттеуші ғалымдар мақал-мәтелдерді көбінесе лингвистикалық талдау аясынан тыс зерттеуге мән берген. Атап айтсақ, түрік тіліндегі мақал-мәтелдердің ұзақ уақыт бойына трансформациялану үдерістерін И. Башгөз өзінің «The Horse does the Work, the Hero Boasts: the Seven-Century Life of a Turkish Proverb» деген еңбегінде (Başgöz, 1994: 47-57) қарастырса, А. Янар түрік мақал-мәтелдерін зообиологиялық тұрғыдан (Yanar, 2023) зерттеген. Жекелеген жергілікті аумақтарға тән мақал-мәтелдерді Е. Торун (Torun, 2002: 185-192) мен Х.Таш қарастырады (Таş, 1995: 1025-1032). Зерттеуші Х. Хасан шетелге қоныстанған түріктердің мәдени-тілдік ортасындағы мақал-мәтелдердің өзгеріске түсуіне еңбек арнаған (Hasan, 1997). Ал Н. Муаллимоглу түрік мақал-мәтелдеріне тән синтаксистік белгілерді зерттесе (Muallimoglu, 1990), О. Аксой түрік фразеологизмдері мен мақал-мәтелдерінің сөздігін түзіп, мағынасын ашқан (Aksoy, 2007).

Түрік тіліндегі мақал-мәтелдерді тақырыптық топтарға жіктеп, мақалдардың түсіндірмесі берілген сөздіктер құрастырғандар қатарында А. Су, А. Пар, А. Ой, Ө. Чобаноглу, Ө. Асым, А. Аксой, Х. Хажыоглу, Р. Туран т.б. ғалымдарды айтуға болады. Ал түрік мақалдарын басқа да түркі тілдерінің мақалдарымен салыстырған зерттеушілер біршама. Атап айтсақ, С. Гөнен «Батыс түрік тіліндегі өлең түрінде келген мақал-мәтелдер» атты зерттеуінде Каспий теңізінің батысында қоныстанған және батыс түріктер деп аталатын түрік мемлекеттері мен қауымдарының өлең түрінде келген мақал-мәтелдерінің мазмұнын, мифологиясын, мағыналық қатынасын, түр-варианттық қатынасын т.б. аспектілерін қарастырады (Gönen, 2006).

Ғалым У. Гүрсу «Қазақ және түрік тілдерінің мақал-мәтелдерін салыстырмалы түрде зерттеу» атты докторлық диссертациясында екі тілдегі 10000-ға жуық мақал-мәтелді тақырыптарына қарай топтастырып, қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді түрік тіліне аударып, екі тілдегі мақал-мәтелдерді пішіні мен мазмұны жағынан салыстырса (Gürsu, 2009), Е. Гөнен «Түрік мақал-мәтелдеріндегі тілдік қатынас компоненттерінің берілуі» атты докторлық диссертациясында ауызекі қатысымдағы мақалдардың қолданылуы мен түрік мақал-мәтелдеріндегі вербалды қарым-қатынас элементтерінің сандық және сапалық лексикасын ашып көрсеткен (Gönen, 2022).

Сонымен, әдебиеттің кіші жанры – паремиялар уақыт озған сайын тілші-ғалымдардың назарын аударып, зерттеу нысанына айнала бастады. Осыған сәйкес қазақ және түрік паремиологиясының әртүрлі тілдік мәселесі қазақ-түрік лингвистерінен ғылыми зерттеулердің жүйелі түрде жасалуын талап етеді. Біз өз жұмысымызда екі тілдегі паремияларды лингвосинергиялық тұрғыдан зерттеу арқылы олардың когнитивтік мәнін анықтауға,

прагматикалық аспектісі мен этнолингвистикалық сипатына назар аударамыз.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ тіл білімінде ғалым Ж. Манкеева «Қазақ сөзінің синергиясы» атты еңбегі арқылы лингвосинергетика саласына ізденіс жолын бастап берді. Ол аталған еңбегінде қазақ сөзінің тіл жүйесіндегі орнын тіл мен мәдениеттің сабақтастығы арқылы жүйелілік қағидасымен зерттейді (Манкеева, 2021: 5), себебі синергетиканың зерттеу нысаны жүйелілік болып табылады. Жүйелілік, ең алдымен, инвариантты бірліктерден (фонема, морфема, лексема, сөйлем), олардың нақты байланыстары (синтагмалық, парадигмалық, эпидигмалық) мен қызметінен (номинативтік, коммуникативтік, когнитивтік-конструктивтік, эмоционалдық-экспрессивтік, идеологиялық, денотативтік, коннотативтік, эстетикалық, аксиологиялық, анықтамалық) тұратын сөйлеу тілін қамтиды. Өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе (дискурс, жанр, мәтін) кем дегенде бір-бірінің күйін, сондай-ақ оның жүйелілік ортасының күйін модельдеуге қабілетті екі иерархиялық ішкі жүйеден тұрады. Дискурсты құру үдерісінде осындай ішкі жүйелердің мысалы ретінде аттракторлар жүйесі мен репеллерлерді атауға болады (Пихтовникова, 2010:14). Дискурстың шығармашылық конструкторы мен оған тәуелсіз аттракторлардың (доминантты мағына), репеллерлердің «құралы» автор болып табылады (Пихтовникова, 2005: 35).

Мақал-мәтелдердің ақпараттық-танымдық аспектісі аттракторлар мен репеллер корпусының өзін-өзі ұйымдастырып реттейтін үдерісінен тұрады, себебі мақал – тұйықталмаған ашық жүйе, оның динамикасы, қозғалғыштығы олардың сыртқы құрылымы мен ішкі мазмұнының түрленуі арқылы көрінеді. Мысалы, қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің эволюциялық дамуы арқылы пайда болған мәтел мен мақалдарға төмендегі тіркестерді жатқызамыз:

Біреуге ор қазба → Біреуге ор қазба, ор қазсаң, терең қазба → Біреуге ор қазба, ор қазсаң, терең қазба, өзің түсерсің.

Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады → Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады, Қатты-қатты сөйлесең, мұсылман діннен шығады.

Бұл мысалдардан зерттелетін нысанның қозғалғыштығы мен өзгергіштігін көреміз. Мақал-мәтелдердегі әрбір сөз өзінен кейінгі сөздің болуын болжайды және екіншісіне жауап береді.

Мақал-мәтелдердің тұрақты күйінің эволюциясы дискретті, өлшенген және параметрлер мен мәндердің ерекше жиынтығына ие. Басқа семиотикалық таңбалар сияқты мақал-мәтелдерге де семантикалық, прагматикалық және композициялық белгілер тән. Белгілі бір қағидаға айналған мақал-мәтелдер адамның жадында сақталып, лексикографиялық дереккөздерде түзіледі. Олардың мәтіннің кейбір аттракторларына сәйкес келетін пішіні мен мазмұны бар. Аттрактор өзін-өзі ұйымдастыратын жүйені тұрақты жағдайға «тартып», қандай да бір телеологиялық әлеуеттен тұрады. «Аттрактор» – «репеллер» ұғымына қарсы ұғым, ол өзін-өзі ұйымдастыратын жүйені тепе-теңдік жағдайынан шығаратын параметрлер жиынтығына, олардың мәндеріне қарсы тұрады, өйткені аттрактор жүйенің мақсатқа, тепе-теңдікке ұмтылу еркіндігіне әртүрлі шектеу енгізеді. Паремиялардың компоненттік құрамы мақал-мәтелді прагматикалық мазмұнмен толықтыратын нақты сөйлеу жағдаятына бейімделуі мен сол жағдаятты бейнелеуінен, эмоционалдық-бағалауыштық компоненттерінің күшеюі арқылы объективтенуінен кеңейеді.

Қазақ және түрік паремиясының синергетикасы халықтың дүниетанымдық ерекшеліктері мен тілдік құрылымдарында көрініс табады. Паремиялардың синергетикалық аспектісін қарастыру үшін олардың аттракторлары (тартушы күш) мен репеллерлері (итеруші күш) туралы айту маңызды. Аттракторлар – қазақ және түрік паремияларындағы тұрақтылықты, үндестікті және жүйелілікті қамтамасыз ететін элементтер. Олар екі ұлттың ортақ мәдениетінде, өмірлік тәжірибесінде, салт-дәстүрінде көрініс табады.

Аттрактор ұғымы мақал-мәтелдердің белгілі бір идея немесе тұжырым төңірегінде құрылуын сипаттайды. Аттрактор – мақал-мәтелдің негізгі идеясын (мазмұнын) ұйымдастыратын, адамдардың назарын аударатын орталық ұғым немесе семантикалық элемент. Ол тыңдаушыны немесе оқырманды әсерлі ой түюге бағыттайды. Қазақ және түрік мақал-мәтелдерінде аттракторлар көбіне ұлттық мәдени құндылықтарға, салт-дәстүрлерге, өмірлік

тәжірибеге негізделеді. Мысалы, *Ат баспаймын деген жерін үш басады* мәтеліндегі «ат» негізгі аттрактор болып табылады, себебі ол қазақ мәдениетіндегі ерекше символдық мәнге ие, өмірдегі белгісіздік пен тағдырдың алдын ала болжап болмайтын сипатын бейнелейді. Ал түрік тіліндегі *At ölür, meydan kalır; yiğit ölür, şan kalır* (Ат өлсе, алаң қалады, жігіт өлсе, даңқы қалады) ата сөзіндегі «ат» аттракторы батырлық пен күштің символы ретінде көрініс тапса, «жігіт» аттракторы арқылы ер адамның атағы мен даңқы оның өмірден озғаннан кейін де сақталатынын ұғамыз. Мақалдың астарында адамның өміріндегі істері мен ерлігі мәңгі есте қалатыны туралы ой жатыр.

Репеллер – мақал-мәтелдердің жағымсыз аспектілерді, белгілі бір құбылысқа немесе іс-әрекетке қарсы қарым-қатынасты білдіретін семантикалық элементі. Репеллер мақал-мәтелдің мәнінде немесе жасырын мағынасында адамдарды жағымсыз жағдайлардан, қателіктерден сақтандыру қызметін атқарады. Олар жағымсыз әрекеттерден немесе құндылықтарға қайшы келетін идеялардан аулақ болуға шақырады. Мысалы, *Өтірікшінің куәсі жанында* мәтеліндегі «өтірікші» репеллері теріс мінез-құлықтың символы болып, жағымсыз құбылыс ретінде қабылдана, түріктің *Bugünün işini yarına bırakma* (Бүгінгі істі ертеңге қалдырма) ата сөзіндегі репеллер – кейінге қалдыру арқылы уақытты ысырап ету, яғни өз уақытын бағаламау.

Мақал-мәтелдерде аттракторлар мен репеллерлер бір-бірін толықтырып, қарама-қарсы элементтердің бірлігін қалыптастырады. Аттрактор позитивті мазмұнға назар аударта, репеллер, керісінше, теріс мазмұнды айқындап, оқырманды не тыңдаушыны ойлануға, сақтануға немесе сабақ алуға жетелейді. Бұл қарама-қайшылықтар мақал-мәтелдердің тәрбиелік және үлгілеуші қызметін күшейтіп, мақалдың негізгі құрылымын қалыптастырады, тыңдаушыны ойлануға және белгілі бір шешім қабылдауға итермелейді.

Азия мен Еуропаның ұлан-ғайыр жеріне тараған түркі тілдері тобына жататын қазақ және түрік тілдері басқа да тіл топтарына тән сөйлеу бірліктерін бойына сіңірген. Бұл екі тілдің паремиологиялық қорынан да көрініс тапқан. Паремиологиялық қордағы кейбір элемент дербес фольклорлық жанр ретінде бүгінгі күнге дейін өзгеріссіз сақталса, кейбіреуі ескіріп, жаңа, заманауи нақыл сөздер мен мақал-мәтелдердің қалыптасуына негіз болған. Түркі тілдері тобына жататын екі халықтың паремияларының арасында байқалатын белгілі бір ұқсастық олардың ортақ этнографиялық өрісте жасалуы мен қалыптасуына байланысты. Түркі тілдері тобының әртүрлі өкілінің мәдени туыстық дәрежесін зерттеу арқылы мағынасы сәйкес келетін паремиялардың көп екендігіне көз жеткіздік. Бұл олардың көрші этностардың мәдени базасымен ортақ синергиясын көрсетеді. Мысалы, қырыққа жуық түркі жұртының паремиологиялық қорын зерттеген Ө. Чобаноглу батыс және шығыс түркі этникалық топтары арасындағы паремиялардың композициялық негізде бір-біріне қатты ұқсастығын анықтаған (Çobanoğlu, 2004), бұл да паремиологиялық қор синергиясының айқын дәлелі бола алады.

Түркі этникалық топтарының тіршілік ету ортасы бір-біріне неғұрлым жақын болса, олардың тілдері арасында және сәйкесінше, олардың паремиологиялық қорының арасында да ұқсастықтарды табуға болады. Ал мекендейтін жерінің арасындағы қашықтық неғұрлым ұзақ болса, соғұрлым олардың паремияларында да фонетикалық, лексика-архаикалық айырмашылықтар көп болады. Бұл алшақтық уақыт өте келе, тек күшейе түседі, өйткені әр жүз жыл сайын паремиологиялық қордың алтыдан бір бөлігінен астамы әлеуметтік-мәдени, экономикалық, саяси өзгерістерге байланысты өзгеріске түсіп отырады екен (Dilek, 1996: 117).

Кез келген халықтың паремиологиялық қоры қоршаған әлеммен байланыста пайда болады. Қоршаған ортада болатын оқиғалар мен құбылыстардың әсерінен адамзат дүниетанымының ұлттық сипаты қалыптасады. Сыртқы әлемдегі құбылыстар адамның ішкі әлеміне әсер ете отырып, таным үдерісіне қызмет ететін тілде көрініс табады. Ғаламның этнолингвистикалық бейнесіне әсер ететін көптілді және көпмәдениетті қоғам халықтың дүниетанымының ерекшеліктеріне байланысты дамиды. «Ал ұлттың танымдық ерекшеліктері паремиялардың когнитивтік аспектісінде көрінеді. Олар ұлттық мәдени кодтың рөлін атқара отырып, қоршаған орта шындығына баға береді» (Корнилов, 2011: 17). Осылайша «паремиологиялық қор жекелеген лингвистикалық мәдениеттің өкілі ретінде этностың әлеуметтік-когнитивтік сипаттамаларының айқындаушысына айналады» (Салимова, 2012: 1515).

Паремиологиялық қордың қалыптасуына сол ұлттың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, өмір салты әсер етеді. Мақал-мәтелдер кез келген халықтың қатпар-қатпар тарихының терең қойнауынан алынған мәдени өмірінің өзегін көрсетеді. Барлық халықта, соның ішінде бір тілдік семьяға жататын қазақ және түрік тілдерінде де, таным үдерісі арқылы шындықты игеру және оның мағынасын ашу дүниені танудың негізі болып табылады. Мұндағы таным үдерісін *адамгершілік қасиеттер, мінез-құлық, тұрмыс-салт, әлеуметтік қатынастар, еңбек, әдеп және өнеге, білім, ақыл (сана), шешендік өнер, сыртқы келбет, жануарлар әлемі, жеке ерекшеліктер* секілді бірнеше тақырыптық топқа бөлуге болады. Десе де, бағалау, игеру және стереотиптеу үдерісінің тетігі кез келген этностың өкілі үшін бірдей болғанымен, «олардың әрқайсысы оларды өзінше түсінеді және алынған интерпретацияға сәйкес өз тілінде бекітеді, оған этностың таралу аймағы, ділі, мәдениеті, наным-сенімі сияқты факторлар әсер етеді» (Антонова, 2020: 27).

Осы ғылыми мақала аясында қазақ тіліндегі 340, түрік тіліндегі 309 мақал-мәтел талданды. Зерттеу жұмысы зерттеу нысаны болған паремияларды тудырған ұжымдық сана үшін ішкі және сыртқы әлемді танудың қай саласының өзекті екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Кесте 1 – Паремиялар кластері және олардың саны

Таблица 1 – Кластер паремий и их количество

Table 1 – Cluster of paremi and their number

<i>Тақырыптық топтар</i>	<i>Қазақ тіліндегі паремиялар саны</i>	<i>Түрік тіліндегі паремиялар саны</i>
Адамгершілік қасиеттер	80	78
Мінез-құлық	60	49
Тұрмыс-салт	50	63
Әлеуметтік қатынастар	38	30
Еңбек	28	17
Әдеп және өнеге (отбасы)	17	19
Білім	11	10
Ақыл (сана)	17	18
Шешендік өнер	15	9
Сыртқы келбет	4	4
Жануарлар әлемі	16	7
Жеке ерекшеліктер	4	5

Зерттеу деректеріне сүйене отырып, мақал-мәтелдер қорының басым бөлігі адамгершілік қасиеттер төңірегінде шоғырланған деген тұжырым жасауға болады: қазақ және түрік тілдеріндегі сәйкес паремиялардың салмағы бірдей дерлік – 28 және 30%. Қазақ паремиологиялық қорында мінез-құлық пен нормаларға шамамен 16,5% бөлінген, ал түрік тілінде сәл төмен, 12,5% құрайды. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің 14,2%, түрік тілінде 19,5% тұрмыс-салт категориясы төңірегінде шоғырланған. Қызмет категориясы ретінде еңбекке деген қызығушылық түрікшеге қарағанда қазақ мақал-мәтелдерінде айқын байқалады (9% және 4,9%). Әдепке деген қызығушылық бірдей дерлік – 8,7% және 9,2% болса, білім саласында да – бір деңгейде (2,6%). Қазақ халқының мақал-мәтелдерінде парасаттылық даму мен танымның нысаны ретінде 1,6%, түрік тілінде 1,8% құрайды. «Шешендік өнер» категориясы түрік мақал-мәтелдерінде аз (1,1%), қазақ тілінде көбірек (2,6%) сұранысқа ие. «Сыртқы келбет» кластері өзара қызығушылық деңгейі бойынша да, салыстырылған лингвистикалық паремиологиялық қор арасында да сәйкес келеді (0,94%). Жануарлар әлемі түрік мақал-мәтелдерінде қазақтарға қарағанда екі есе дерлік аз кездеседі (4,2 және 8,2%).

Қазақ және түрік тілдеріндегі паремиялар – халықтың тұрмыс-салты, мәдениеті, дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесінің тілдегі көрінісі. Олар ғасырлар бойы жинақталған ұлттық даналықтың айнасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, тәрбиелік, танымдық және қатысымдық қызмет атқарады. Әсіресе, тұрмыс-салт тақырыбындағы паремиялар халықтың күнделікті өміріндегі құндылықтар мен моральдық нормаларды бейнелей отырып, мәдениеттер арасындағы синергетикалық байланыстарды зерттеуге мүмкіндік береді. Қазақ және түрік паремияларының синергетикалық әлеуеті олардың ортақ ұғымдық мазмұны мен құрылымдық

ерекшеліктеріне негізделеді. Екі тілдегі паремиялардың синергетикалық әлеуетін олардың мазмұндық жағынан ұқсастығынан, ортақ этнографиялық сипатынан көреміз. Мысалы, қонақжайлық, үлкенді сыйлау, еңбекті қадірлеу сияқты құндылықтар екі халықтың паремияларында да кездеседі. Мысалы, қазақ тілінде *Қонақ келсе, құт келеді*, түрік тілінде *Tanrı misafiri baş tacıdır* (Тәңірінің қонағы – құрметті) немесе *Misafir berekettir* (Қонақта береке бар) деген мақалдар қонақжайлылықтың маңыздылығын көрсетсе, қазақ тіліндегі *Жақсы дос – жанға серік*, түрік тіліндегі *İyi dost, kötü günde belli olur* (Жақсы дос қиын күнде білінеді) паремиялары адалдық, достық секілді құндылықтарға негізделген ұқсас ойды білдіреді.

Екі тілдегі паремияларды зерттеу барысында қазақ және түрік өкілінің санасында дәстүрлі өмір сүру салтын нығайта түсетін адамгершілік құндылықтарының синергиясы бар деп қорытынды жасадық. Ата-бабамыз өскелең ұрпақты тәрбиелеуде өнеге беретін даналық ойды мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерге түйіп, осы даналық сөздер арқылы ұлтжандылықты, өзін-өзі жетілдіріп дамуға ұмтылуды, үлкенге ізет көрсетуді, ата-ананы құрметтеп, кішіге үлгі-өнеге болуды, мейірімділік пен қонақжайлылыққа, имандылыққа, теріс әрекет жасамауға, сонымен бірге өзімшіл, менмен, қатыгез болмай, тәуелділіктен аулақ болуға үндейді. Екі тілдегі паремияларда ер азаматтың отбасының тірегі болатынын, әйелдердің бала тәрбиелеп, үйдің берекесін кіргізетін қасиеттерін жоғары бағалайды. Мұндай құндылықтар әлі күнге дейін қазақ және түрік мәдениетінде мәнін жоймағанын атап өтеміз.

Мақал-мәтелдердің қоғамдық өмірде, адамдар арасындағы қарым-қатынасты орнатуда маңызы зор. Сондай-ақ ата-бабаларымыздың өткен заманнан бүгінге дейінгі танымы мен тәжірибесін жеткізуші болып табылатын мақал-мәтелдердің салт-дәстүр мен мәдени құндылықтарды сақтауда атқаратын қызметі орасан. Мақал-мәтелдерді біреуге ақыл-кеңес айтқанда сөзімізді тұздықтау үшін мысал ретінде келтіріп, айтатын ойымызға дәлел ретінде, бастан кешкен оқиғамызды барынша қорытындылап жеткізгіміз келгенде пайдаланамыз. Мақал-мәтелдер – ұлттық мәдениетіміздің бір бөлігі. Олар біздің күнделікті өмірімізді, эмоциямыз бен ойымызды қалыптастыруға қызмет етеді.

Қай тілде болмасын, мақал-мәтел бекітілген ереже секілді қызмет етеді. Осы ерекшеліктеріне байланысты мақал-мәтелдер белгілі бір әлеуметтік топтағы адамдардың пайымдауы ретінде бағаланады. Сонымен қатар өмір сүру үшін дұрыс айтылған бұл сөздер адамның айтқан ойына соңғы нүкте қойып, талап қоюға оң бағыт беретін дәлел ретінде қабылданады. Жалпы адамдарды жақсылыққа бағыттаушы мақал-мәтелдер дұрыс әрекет етуімізге себеп болады. Мағыналы да ғибратты сөздер дұрыс шешім қабылдауды жеңілдететіні сөзсіз. Мысалы, «*Әр нәрсенің қайыры бар*» деген мәтелден бұрын жасалған нәрсені өзгерте алмағандықтан, оны қабылдауымыз керек екендігін, ал ол адамды көп уайымдамауға, босқа қиналмауға көмектесетінін ұғамыз. «*İyilik eden iyilik bulur*» (сөзбе-сөз аудармасы: Жақсылық жасаған жақсылық табады) деген түрік мақалы адамның жақсылық жасаса – жақсылық, жамандық жасаса – жамандық көретінін, өмірде әр нәрсенің сауабы барын білдіріп, тура жолға салады. Түріктің «*Ağaca dayanma kurur, adama dayanma ölür*» (сөзбе-сөз аудармасы: Ағашқа сүйенбе – қурайды, адамға сүйенбе – өледі) деген мақалы адамға тірек болар нәрсенің тұрақты болмайтынын, өмірде табысқа жету үшін басқалардың қолдауына сенуден гөрі тек өз күш-қуатыңа сүйену керектігін айтады. Мағынасы терең, тақырыптары әр алуан болып келетін мақал-мәтелдер орынды қолданылғанда, ойдың құндылығын арттырып, айтылған пікірлердің дұрыстығын дәлелдеуге маңызды тірек болып табылады (Beğenmez, 2013: 44). Сөз құдіретін арттырып, назар аударып, сөзге көрік қосқымыз келсе, жарасымды мақал осының барлығын бірден орындайды.

Мақал-мәтелдер халықтың дүниетанымының ұлттық сипатын көрсетіп, ғаламның этнолингвистикалық бейнесіне әсер ететін көптілді және көпмәдениетті өзара байланыс үдерісінде өз ізін қалдырады. Қазақ және түрік паремияларының этнолингвистикалық ерекшелігін бағамдап, екі ұлттың дүниені танудың когнитивтік аспектілерін бекітудегі көрінісін зерттеу аясында жиі кездесетін лексемалар бойынша мақал-мәтелдерді төмендегідей топтастыру жұмыстары жүргізілді.

Кесте 2 – Паремиялардың жиі кездесетін лексемалар бойынша топтастырылуы

Таблица 2 – Группировка паремий по наиболее распространенным лексемам

Table 2 – Grouping of paremi by the most common lexemes

Категория	Қазақ тіліндегі паремиялар саны	Түрік тіліндегі паремиялар саны
Адам:		
Ер адам	205	216
Әйел	80	95
Жабайы жануарлар:		
Қасқыр	26	31
Түлкі	5	6
Құстар:		
Қарға	9	7
Бұлбұл	1	1
Төрт түлік мал:		
Жылқы	41	52
Түйе	19	16
Сиыр	8	6
Қой/ешкі	7	8
Үй жануары:		
Ит	21	11

Зерттеу жұмысымыздағы қазақ-түрік паремиологиялық қорындағы ең жиі кездесетін категориялар – «ер/адам», «әйел», «жылқы», «түйе», «сиыр», «қой/ешкі» «қасқыр», «ит», «қарға» кластерлері.

«Адам» санатындағы даналық сөздер – түркі халықтарының бүкіл паремиологиялық қорына ортақ. Паремиялардың мәнмәтініне қарап, ойшылдықты, әлеуметтік болмысты, сонымен қатар жан дүниесі сезімтал халықты көре аламыз. «Қазақ мақал-мәтелдеріндегі «адам» ұғымы тұлғаны білдіретін лексикалық бірлік арқылы беріледі. Бұл лексикалық бірліктерге туыстық, жастық шақ, кәрілік, ер, әйел, достық, аштық, тоқтық, ата-ана, бала, әке ана; мәдениеттілік, мәдениетсіздік; сұлулық, әдептілік т.б. сияқты мағыналарды қамтитын адам туралы көпәспектiлi бiрлiктер жатады» (Камбарова, 2023: 50). Мысалы: *Адам әдет етеді, әдет түпке жетеді; Адамның басы – Алланың добы; Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады; Адам құлақтан азады, көңілден семіреді* т.б.

Түрік тілінде *adam* (адам), *kişi* (кісі), *insan* (адам) лексемалары жиі кездеседі, бірақ *insan*, *kişi* сөздері еркекке де, әйелге де қолданылса, *adam* тек ер адамға қатысты қолданылады. Мысалы:

Adamın iyisi alışverişte belli olur (сөзбе-сөз аудармасы: Ер азаматтың жақсысы саудада белгілі болар).

Insanın canı acıyan yerindedir (сөзбе-сөз аудармасы: Адамның жаны ауырған жерінде. Қазақ тіліндегі *Қай жерің ауырса, жаның сол жерде* мақалына бара-бар).

Kişinin ayıbını bir avuç toprak örter (сөзбе-сөз аудармасы: Кісінің айыбын бір уыс топырақ жабар).

Түрік тілінің паремиологиялық қорын талдай келе, патриархалдық ұстанымның орнығуына байланысты кәсіппен айналысуда гендерлік бөлінудің бар екендігіне көз жеткіздік. Түрік мақал-мәтелдерінде *adam* лексемасы қолданылатын салаларға әскери қызмет, сауда, қызмет көрсету, ұлдарды оқыту жатады. Мысалы: *Adam adam, pehlivan başka adam* – сөзбе-сөз аудармасы: «Ер адам – адам, бірақ жауынгер – мүлде басқа адам» деген мақалдан әскери қызметкердің жоғары бағаланатынын байқаймыз. Көшпелі халықтардың өмір салтында достық қарым-қатынас маңызды орын алады. Паремиялардағы достық ұғымы туыстық байланыстан да жақындықты білдіреді. Мысалы: *İyi dost kara gunde belli olur* – сөзбе-сөз аудармасы: «Жақсы дос қайғылы күнде белгілі болар» деген мақалдан шын достың қиыншылықта білінетінін ұғамыз. Тұлғаның маңызды қасиеттерінің бірі – оның ақылы. Бұл туралы *Akıl para ile satılmaz* – сөзбе-сөз аудармасы: «Ақылды ақшаға сатып ала алмассың» десе, адалдыққа қатысты *Haklı söz akan sular durdurur* – сөзбе-сөз аудармасы: «Ақиқат ағып жатқан өзенді тоқтатады»; ерлікке байланысты

Kahraman yarasız olmaz – сөзбе-сөз аудармасы: «Жарасыз батыр болмайды» деген ой түйген.

Қазақ және түрік тілдерінде төрт түлік мал мен жан-жануарлар жиі айтылады. Мұның бір себебі – екі халықтың да өмір сүру салты мал шаруашылығымен байланысты болғандығында, ал екінші себебі – адамдар өздері білетін жануарларының ерекшеліктерін оларды мұқият бақылау арқылы адамның қасиеттерімен байланыстырады. Ата-бабаларымыздың күнделікті өмірінде адам мінезінің жағымды-жағымсыз жақтарын төрт түлік мал мен жан-жануардың мінезі арқылы бейнелеуі олардың осы жануарларды ғасырлар бойы бақылап, оны тілінде түйіндеп, кейінгі ұрпаққа жеткізгенінен көреміз.

Қазақ және түрік мақал-мәтелдері жылқының тектілігіне қатысты ұқсастықтарға ие, бірақ жылқыны даралау арқылы адаммен сәйкестендіру қазақ мақал-мәтелдерінде жиі кездеседі. Қазақ тіліндегі *Ат – ердің қанаты*, түрік тіліндегі *At yiğidin yoldaşdır* (сөзбе сөз аудармасы: *Ат – жігіттің серігі*) деген мақалдар жылқы малының адамға серік болып, әрқашан оның жанында болатын шынайы дос дегенді білдіреді. Қазақ халқы малдың түрлі ерекшелігі мен қасиетін көрсететін мақал-мәтелдерге басқа халықтарға қарағанда бай екені белгілі. Алғашқы қолданыста төрт түлікке қатысты айтылса да, уақыт өте келе адам бойындағы түрлі қасиетке байланысты ауыспалы мағынаға ие болған мақал-мәтелдер тілімізде молынан ұшырасады. Яғни олардың дүниеге келуі о баста малға байланысты болса да, бүгінде бәрі айналып келіп адамға тіреледі, адамның іс-әрекетіне, жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, жақсы-жаман қасиетіне, ішкі-сыртқы көрінісіне бағытталған.

Түрік халқында жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі малымен бірге есекті үй жануары ретінде ұстағандықтан, есекке қатысты мақал көп. Сонымен бірге үй жануары ретінде ит, мысық туралы мақалдар да бар. Төрт теңіздің жағасын жайлаған ел болғандықтан, балық туралы да мақалдар жетерлік. Олардың ауыспалы мағынасы адамның түрлі мінезін сипаттауға арналған. Мысалы: *At ölür, itlere bayram olur* (сөзбе-сөз аудармасы: Ат өлсе, итке мейрам болар). Бұл мақалдан «Елге пайдасы тиетін беделді адамдардың қайтыс болуы немесе қызметінен кетуі оны көре алмайтын кейбір қызғаншақ, жексұрын адамдарға рақат сезімін сыйлайды» деген мағынаны түсінсек, *Acımış eşek, attan yürük olur* (сөзбе-сөз аудармасы: Аш есек жылқыдан да жүйрік) деген ата сөзден «Кез келген бір нәрседен зардап шеккен немесе ренжіген адам сол жамандықты қайтадан болдырмауға бар күшін салады» деген мағынаны ұғамыз. *Eşek at olmaz, ciğer et olmaz* (сөзбе-сөз аудармасы: Есек ат болмас, бауыр ет болмас) мақалы әр нәрсенің өзіне ғана тән қасиеті бар және әр нәрсенің өз мақсаты немесе рөлі бар екенін білдіру үшін қолданылады. «*Есек ат бола алмайды*» деген тіркес есектің де адамның қажетіне жарайтынын, бірақ жылқы сияқты әрекет ете алмайтынын білдірсе, «*бауыр ет бола алмайды*» деген бөлігі бауырдың да пайдасы барын, дегенмен оның ет сияқты болмайтынын түсіндіреді. Яғни әр нәрсенің өз табиғатына сай бағаланатындығы және әр нәрсенің өзіне ғана тән мақсаты мен қызметі болатыны баса айтылады. Мақалдан түрлі заттың немесе адамның қабілет-қарымы, қасиеті немесе рөлі әртүрлі болатынын түсінеміз.

Паремиологиялық қордың жиналу үдерісіне қоршаған ортаның әсері зор. Мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі халықтың тұрмыс-тіршілігі мақал-мәтелдерінде де көрініс тапқан. Зоонимдер қатысқан паремиялардың қатарында түркі жұртында тотемдік жаратылыс қызметін атқарған, символдық сипатқа ие «қасқыр» зоонимі арқылы жасалған мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Қасқырдың киелі жануар және «Тәңірінің иті» ретіндегі бейнесі қазақтың «*Иттің иесі болса, бөрінің Тәңірі бар*» деген мақалында да кездессе, түрік тілінде қасқыр бейнесі жақынына деген сүйіспеншілікті бейнелейтін *Kurt kurtu yemez* (сөзбе-сөз аудармасы: Қасқыр қасқырды жемейді), батылдықты көрсететін *Aç kurt aslana saldırır* (сөзбе-сөз аудармасы: Аш қасқыр арыстанға шабады), даналықты білдіретін *Eski kurt yolunu şaşmaz* (сөзбе-сөз аудармасы: Кәрі қасқыр ешқашан адаспайды) мақалдары арқылы беріледі. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқыр бейнесінде де даналық *Кәрі қасқыр қақпанға түспейді*, күштілік *Қасқыр қартайса да, қойға әлі келеді*, достық *Қасқыр да жолдасына қас қылмайды* деген паремияларда көрінеді. Сонымен бірге қазақ мақал-мәтелдерінде қасқыр тек жағымды бейнеде емес, зорлық-зомбылықтың иесі деген мағынада *Бөрінің аузы жесе де қан, жемесе де қан*, арамдықты білдіретін *Елді жерде ұры бар, таулы жерде бөрі бар* деген жағымсыз коннотацияда

кездеседі.

Жоғарыда талданған бейнелер негізінен екі халықта да ұқсас болып келеді. Бұл екі мәдениеттің бір-біріне араласуымен де, көшпелі халықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтардың ұқсастығымен де байланысты. Паремнологиялық қордағы материалдардан қазақ және түрік мақалындағы ортақ ойлау жүйесінің синергиясын анық көреміз. «Адамзаттың ойлау жүйесі мен дүниедегі құбылыстар жөніндегі танымдары жалпы алғанда бірдей болып келеді. Олардың тек ой формасы болып табылатын тілдері ғана бір-бірінен өзгеше. Басқаша айтқанда, бір мазмұнды түрлі тұлғада бейнелейді. Адам баласына ойлау жүйесі ортақ болғандықтан, мақал-мәтелдердің ұқсас болуы – заңды құбылыс» (Динаева, 2013: 62).

Жалпы әлем халықтарының мақал-мәтелдеріндегі ортақ ойлау жүйесі «адамның саналы ғұмырынан бергі кезеңде онымен біте қайнасып келе жатқан тілдің түпсаналық қатпарларында алуан түрлі мифтік дүниетаным қазыналары жасырынып жатқандығында болса керек» (Дандис, 1978: 9), себебі адам санасының мифтік-танымдық қатпарларындағы архетиптер ұғым қалыптастырып, таным үдерісіне әсер етеді. «Кез келген этностың мәдени өмірі, ондағы ерекшеліктер басқа халықтың тұрмысында нақ сол күйінде қайталанбағанымен, өзіндік ұқсастықтар болатыны заңды» (Адамбаев, 1974: 17).

Бір халықтың паремнологиялық қорындағы мақал-мәтелдердің бәрі бірдей сол тілдің қолтумасы негізінде жасалмай, басқа тілден де үлес болып қосылып отырады. Көптеген мақал-мәтел жалпы түркі тілді халықтарға ортақ болғандықтан, олар сол туыстас халықтардың тілінде сақталып, бүгінгі күнге дейін өз мағынасында қолданылып келе жатыр. Мақал-мәтелдерді бір ғана тілдің асыл мұрасы деп айту қиын, өйткені бұлар түбі бір түркі жұртының көбінде бір мағынада қолданылады (Динаева, 2013: 63). Сонымен бірге қазақ пен түріктің тұрмыс-салтының ұқсастығы, ауыз әдебиетіндегі паремнологиялық қордың бір-бірімен пара-пар келуі олардың тарихи даму жолындағы жақындықтарын айқындайтын тілдік материал бола алады. Осыған қатысты қазақ және түрік тілдерінде кездесетін тақырыбы мен мазмұны ұқсас паремиялардың тілара ортақтығын, жақындығын салыстыра талдауға болады.

Құрылымы, құрамы және бейнелеу тәсілі жағынан басқа-басқа, бірақ логикалық ой жүйесі, мағына-мазмұны, бағытталған нысанасы ортақ мақал-мәтелдер де бар. Мәселен, қазақ тіліндегі *Ақша ашпайтын құлып жоқ; Бір күн дәм татқанға қырық күн сәлем; Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды* деген паремияларды түріктер *Altın anahtar her kapıyı açar* (сөзбе-сөз аудармасы: Алтын кілт әр есікті ашар); *Bir fincan kahvenin kırk yıl hatırı var* (сөзбе-сөз аудармасы: Бір шыныаяқ кофе қырық жыл бойы есте қалады); *Ateş olmayan yerden duman çıkmaz* (сөзбе-сөз аудармасы: Өрт болмаса, түтін шықпайды) дейді. Сонымен қатар *Erte тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің ырысы артық* мақалын *Erken kalkan (çıkan) yol alır, er evlenen döl alır* (сөзбе-сөз аудармасы: Ерте тұрған (шыққан) жолды өндірір, ерте үйленген ұрпақ қалдырар) деп қолданады. *Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды* дегенді *İki baş bir kazanda kaynamaz* (сөзбе-сөз аудармасы: Бір қазанда екі бас қайнамас), *İki aslan bir posta sığmaz* (сөзбе-сөз аудармасы: Екі арыстан бір торға сыймас), *İki karpuz bir koltuğa sığmaz* (сөзбе-сөз аудармасы: Екі қарбыз бір қолтыққа сыймас) деп қолданады. Мұндай ұқсастық туралы зерттеуші А. Дандис өз еңбегінде фин паремнологі М. Куусидің мақал-мәтелдердің мазмұны оларда қолданылатын бейнелі образдармен байланысты емес, мақал-мәтелдердегі берілетін ортақ хабар әртүрлі образдың көмегімен жүзеге асуы мүмкін дегенін айтады (Дандис, 1978: 17).

Сайып келгенде, бұл да – туыстас халықтардың дүниетанымындағы, болмыстағы әртүрлі заттар мен құбылыстарды бағалай білуіндегі, бейнелеу тәсіліндегі сәйкестіктің нәтижесі. Сонымен бірге әртүрлі дыбысталып, құрамындағы сөздер түрліше айтылғанымен, мағынасы бір, бір-біріне балама мақал-мәтелдерді көптеп кездестіреміз. Мысалы, қазақ тіліндегі *Көрпеңе қарай көсіл* деген мәтелдің мағынасы түрік тіліндегі *Ayağıң yorganına göre uzat* (сөзбе-сөз аудармасы: Аяғыңды көрпеңе қарай соз) ата сөзімен; *Em sасыса, тұз себер, тұз сасыса, не себер* деген мақал *Et kokarsa tuzlanır, ya tuz kokarsa ne yapılır* (сөзбе-сөз аудармасы: Ет сасыса тұздар, тұз сасыса не істер) дегенмен бірдей. Мұндай тіл-тілде кездесетін балама мақал-мәтелдер туралы орыс ғалымы В.В. Гвоздев: «Кез келген тілдегі мақал-мәтелдің басым көпшілігінің басқа тілдің мақал-мәтелдер жинағында баламасы бар. Балама оралымдардың құрылымдары бірдей немесе

әртүрлі болуы мүмкін», – дейді (Гвоздев, 1979: 194). Бұл пікірді қолдай отырып, қазақ және түрік мақал-мәтелдері де құрылымдық, тұлғалық жағынан өзгеше болса да, беретін мағынасы бір, ортақ ой, ортақ мазмұны бар дейміз. Мақал-мәтелдердің мәндес келуі халықтардың бір зат не құбылыс жайындағы түсінігі бірдей, тек тілдері басқаша дыбысталатынын көрсетеді. «Түбі бір туыстас екі халықтың, ұзақ уақыт бойы араласа алмаса да, әлі күнге дейінгі олардың ойлау жүйесі мен мінез-құлық ұқсастығы түбі бір туыстас түркі халықтарының ұрпақтары екендігін дәлелдейді» (Елубай, 2022: 52). Қазақ және түрік паремияларындағы аттракторлар мен репеллерлер халықтың мәдениетінде, өмір сүру қағидаларында маңызды рөл атқарады. Олар ұлттық құндылықтарды дәріптеп қана қоймай, өмірлік тәжірибенің сабақтарын жеткізеді. Осы екі ұғымды зерттеу арқылы мақал-мәтелдердің семантикалық және прагматикалық ерекшеліктерін, сондай-ақ екі халықтың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын терең түсінуге болады.

Қорытынды

Бүгінгі таңда паремияларға қатысты зерттеулердің басым бөлігі оларды халықтың төл мәдениетінің туындылары ретінде әдеби тұрғыдан зерттеуге және мақал-мәтелдердің эмоционалдық құрамдас бөлігі мен олардың бейнелік сипаттарын талдауға көңіл бөледі. Мақал-мәтелдерді лингвистикалық тұрғыдан зерттеулердің, мақал-мәтелдердің когнитивтік аспектілерін, прагматикалық ерекшеліктерін, сонымен қатар басқа этнопаремиялық кешендермен синергиясын зерделеуге арналған еңбектердің тапшылығы ортақ тарихи-мәдени мұраларды зерттеуді де, қазіргі әлемдегі мәдениетаралық қатысымды тиімді орнатуға қажетті жаңа байланыстарды табуды да күрделендіре түсетін мәдени кеңістіктің дамуындағы олқылықтарға әкеліп соғады.

Қазақ және түрік тілдік қорының синергиясын тарихи аспектіде зерттей отырып, екі халықтың да өмір сүру салтының, өзіне ғана тән ділі мен қоршаған ортасының екі ұлттың паремиологиялық қорының қалыптасуына елеулі әсерінің болғандығына көз жеткізіп, қазақ және түрік халықтарының фольклорының синергиясын анықтайтын мәдени-этникалық сабақтастық бар деген қорытындыға келдік. Паремиялардың кейбір элементтері дербес фольклорлық нысан мәртебесін алып, бүгінгі күнге дейін өзгеріссіз сақталған, кейбіреулері ескіріп, жаңа, заманауи нақыл сөздер мен мақал-мәтелдердің қалыптасуына негіз болған. Таным үдерісі арқылы ақиқат дүниені игеріп, оның мән-мағынасын түсіндіру негізінде қазақ және түрік халықтары өз көзқарастары тұрғысынан ғалам бейнесін жасап алған. Жалпы алғанда бағалау, игеру және стереотиптеу үдерісінің тетігі бір болғанымен, әрбір этнос оларды ерекше түрде түсіндіріп, оны этностың таралу аймағы, ділі, мәдениеті, наным-сенімдері сияқты факторлардың әсерінен өз тілінде бекіткен.

Осы ғылыми мақала аясында қазақ және түрік паремиологиялық қорына зерттеу жүргізіліп, оның нәтижесі екі халықтың дүниетанымының ұлттық сипатын көрсететін және дәстүрлі өмір сүру салтын нығайта отырып, қазақ және түрік мәдениетінде әлі күнге дейін ұлттық құндылықтарды басшылыққа алады деген қорытынды жасауға негіз болады. Зерттелген паремиологиялық қордың когнитивтік ерекшеліктерін екі халықтың күнделікті өмірдің барлық аспектісіне әсер еткен көшпелі менталитетінен байқауға болады. Мұны қазақ және түрік паремиологиялық қорының ер азамат пен әйелге қатысты даналық сөздерінен, зооморфтық бейнелерінің ұқсастығынан, олардың бір-біріне сәйкес келуінен де көреміз.

Қазақ және түрік паремияларын зерттей келе, паремиологиялық қорды түзуге қатысқан халықтың дүниетанымының кеңдігіне куә боламыз. Мақал-мәтелдерде қолданылған бейнелер, ең алдымен, екі ұлттың тұрмыс-салтының ерекшеліктерін көрсетеді. Екі халықтың тұрмыс-тіршілігінің, әдет-ғұрпының, дүниетанымының ерекшеліктері орта ғасырларға дейін ұқсас жағдайда қалыптасқандықтан, қазақ және түрік паремиологиялық қорында зооморфтық бейнелер көбіне бірдей келеді. Ортақ этнолингвистикалық қордың болуына қарамастан, қазақ және түрік паремиялары белгілі бір кезеңде тарихи байланыстың үзілуінен паремиологиялық қордағы елеулі тілдік алшақтықтар мен айырмашылықтардың пайда болуына себеп болған белгілі бір сәтке дейін ғана интегративті түрде дамыды. Уақыт өте келе, қазақ-түрік паремиологиялық қорының кейбір бірлігі өзінің өзектілігін жоғалтып, тарихи даму үдерісінде өзгеріске ұшыраса,

басқа бір түрі паремиологиялық қордың тілдік-семантикалық құралдары синергиясының арқасында қазақ және түрік тілдерінің функционалдық қасиеттерін күшейтті. Бұл мақал-мәтелдерді тәрбиелік құрал ретінде қолдануға, тіпті олардың мазмұнын белгілі бір дәрежеде жаңартуға мүмкіндік берді. Этностардың дамуының өзіндік ерекшеліктері мен олардың туыстас тілдермен синергиясы зерттелген паремиологиялық қордың бірегей типологиялық ерекшеліктерін, тілдік құрылымы мен фонетикалық заңдылықтарын қалыптастыруға ықпал етті.

Қазақ және түрік паремияларындағы аттракторлар мен репеллерлер олардың мәдени, тарихи және географиялық ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Аттракторлар екі ұлттың дүниетанымындағы ортақтықтарды сипаттаса, репеллерлер әрбірінің өзіндік даралығын айқындайды. Бұл паремиялардың синергетикасы ұлттық болмысты терең тануға мүмкіндік береді. Қазақ және түрік тілдеріндегі паремиологиялық қордың синергиясын одан әрі зерттеу айрықша қызығушылық тудырады. Кейбір қазақ және түрік паремиялары үшін бастапқы аттрактор қазіргі уақытта жоғалып кеткеніне қарамастан, паремиологиялық қордың мұндай бірліктері қазіргі уақытта және болашақта жаңа қатысымдық мақсаттарды игере алады дегіміз келеді. Бұл паремиологиялық қордың синергиясы мен оның жүйелі функционалдық сипатының дамуына әкеледі. Қазақ және түрік паремияларындағы аттракторлар мен репеллерлер олардың мәдени, тарихи және географиялық ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Аттракторлар екі ұлттың дүниетанымындағы ортақ құндылығын сипаттаса, репеллерлер әрбір ұлттың өзіндік даралығын айқындайды. Қазақ және түрік паремияларының синергетикалық әлеуеті – екі халықтың тарихи және мәдени бірлігінің ерекше көрінісі. Олар арқылы мәдени мұраны жаңа қырынан танып, оны заманауи контексте қолдануға болады. Бұл әлеуеттің жүзеге асуы екі халықтың арасындағы байланыстарды нығайтып, рухани-мәдени өрлеуге үлес қосады дегіміз келеді.

Әдебиеттер

- Адамбаев Б. Мақал-мәтелдің ұлтаралық сипаты // Қазақ ССР ҒА Хабарлары, Тіл-әдебиет сериясы, 1974. – №1.
- Антонова Е.Н. Паремиялогия без границ: монография. – Москва: РУДН, 2020. – 244 с.
- Гафарова А.С. Пословицы VS поговорки // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2017. – № 11(77): в 3-х ч. – Ч. 2. – С. 54-57.
- Гвоздев В.В. О структурно-семантических особенностях текста пословиц (на материале французского языка) // Сборник научных трудов. МГПИИЯ им. М.Тореза. – Москва, 1979. – С. 186-197.
- Дандис А. О структуре пословиц // Паремиялогический сборник. – Москва: Наука, 1978. – 320 с.
- Динаева Б.Б. Қазақ мақал-мәтелдерінің прагма-когнитивтік аспектісі: монография. – Астана, 2013. – 160 б.
- Елубай А. Концептуалды оқыту мен тәрбие: қазақ және түрік тілдеріндегі әйелге қатысты мақал-мәтелдер // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы. – №6 (400). – 2022. – Б. 45-60.
- Камбарова М.А. Семантические характеристики пословиц казахского языка с базовой лексемой «человек» // Tiltany, №4 (92). – Алматы, 2023. – С. 45-55.
- Корнилов О.А. Языковые картины мира как производные национальных менталитетов. – Москва: КДУ, 2011. – 350 с.
- Қайдар Ә. Қазақ этнолингвистикасы // Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – 304 б.
- Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.
- Манкеева Ж. Қазақ сөзінің синергиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 272 б.
- Пихтовникова Л.С. Прагмалингвистика и лингвопоэтика малых форм и синергетика дискурса (одно из направлений Хаковской лингвистической школы, германские языки) // Актуальные проблемы филологии: языкознание, переводоведение, методика преподавания филологических междисциплинарных исследований. науч. конф., 28-29 мая 2010 г.: тезисы доп. – Мариуполь: ПГТУ, 2010. – С. 14-18.
- Пихтовникова Л.С. Стилистика и синергетика дискурса. – Х.: Константа, 2005. – С. 29-35.
- Салимова Л.М. Теория языковой личности: современное состояние и перспективы исследования // Вестник Башкирского университета. Серия Филология и искусствоведение. – 2012. – №3. – С. 1514-1517.
- Aksoy O. Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. – İstanbul, 2007. – 219 s.
- Başgöz İ. The Horse does the Work, the Hero Boasts: the Seven-Century Life of a Turkish Proverb // Proverbium, Vol. 11, 1994. – P. 47-57.
- Beğenmez M. Atasözlerinde Günlük Hayat. – Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi, Afyon Kocatepe Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü. Afyon Karahisar, 2013.
- Çobanoğlu Ö. Türk Dünyası Ortak Atasözleri Sözlüğü. – Ankara: AYK Atatürk Kültür Merkezi Başkanlığı, 2004. – 558 s.
- Dilek I. Altay Türklerinin Atasözleri. – Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi. – Ankara, 1996. – 450 s.

- Gönen S. Türklerinin manzum atasözleri üzerine bir araştırma. – Konya, 2006. – 729 s.
- Gönen Ö. Türk atasözlerinde sözlü iletişim unsurlarının sunumu. – İzmir, 2022. – 339 s.
- Gürsu U. Kazak Türkçesi ve Türkiye Türkçesindeki atasözlerinin karşılaştırmalı olarak incelenmesi. – İstanbul, 2009. – 1608 s.
- Hasan H. Makedonya ve Kosova Türklerinde Kullanılan Atasözleri ve Deyimler. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 1997. – 120 s.
- Muallimoglu N. Turkish Delights A Treasury of Proverbs and Folk Saying. – İstanbul, 1990.
- Taş H. Erzurum'da kullanılan atasözleri ve deyimler. Türk Dil Kurumu. – Ankara, 1995, №525. – S. 1025-1032.
- Torun Y. Dokuztekne Köyü'nden Derlenen Atasözleri ve Deyimler Üzerine Bir İnceleme. – Çukurova Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi. – Adana, 2002. – S. 185-192.
- Yanar A. Hayvan Motifli Atasözleri ve Deyimlerimiz. – Ankara: Parana Yayınları, 2023. – 389 s.

References

- Adambaev, B. (1974) Maqal-matelding ultaralyq sipaty. Qazaq SSR GA Habarlary, Til-adebiet serijasy, №1. [Adambayev, B. (1974) International nature of proverbs. News of the Academy of Kazakh SSR, language and literature series, №1] (in Kazakh)
- Aksoy, O. (2007) Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. İstanbul, 2007. 219 s. [Aksoy, O. (2007) Dictionary of Proverbs and Idioms. İstanbul, 2007. 219 p.] (in Turkish)
- Antonova, E.N. (2020) Paremiologiya bez granic: monografiya. Moskva: RUDN, 244 s. [Antonova, E. (2020) Paremiology without borders: monograph. Moscow: RUDN, 244 p.] (in Russian)
- Bashgoz, I. (1994) The Horse does the Work, the Hero Boasts: the Seven-Century Life of a Turkish Proverb. Proverbium, Vol. 11, P. 47-57.
- Beğenmez, M. (2013) Atasözlerinde Günlük Hayat. Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi, Afyon Kocatepe Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Afyon Karahisar. [Beğenmez, M. (2013) Daily Life in Proverbs. Unpublished Master's Thesis, Afyon University, Institute of Social Sciences. Afyon Karahisar.] (in Turkish)
- Çobanoğlu, O. (2004) Türk Dünyası Ortak Atasözleri Sözlüğü. Ankara: Atatürk Kültür Merkezi Başkanlığı, 558 s. [Çobanoğlu, O. (2004) Turkish World Common Proverbs Dictionary. Ankara: Atatürk Cultural Center Presidency, 558 p.] (in Turkish)
- Dandis, A. (1978) O strukture poslovic. Paremiologicheskij sbornik. Moskva: Nauka, 320 s. [Dandis, A. (1978) On the structure of proverbs. Paremiological collection. Moscow: Nauka, 320 p.] (in Russian)
- Dilek, I. (1996) Altay Türklerinin Atasözleri. Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi. Ankara, 450 s. [Dilek, I. (1996) Proverbs of the Altay Turks. Turkish World Journal of Language and Literature, Ankara, 450 p.] (in Turkish)
- Dinaeva, B.B. (2013) Qazaq maqal-matelderining pragma-kognitivtik aspektisi. Astana, 160 b. [Dinayeva, B. (2013) Pragma-cognitive aspect of Kazakh proverbs: monograph. Astana, 160 p.] (in Kazakh)
- Elubai, A. (2022) Konceptualdy oqytu men tarbie: qazaq zhane turik tilderindegi ajelge qatysty maqal-matelder. Qazaqstan Respublikasy Ulttyq gylm akademijasynyng Habarshysy. №6 (400), B. 45-60 [Yelubai, A. (2022) Conceptual education and training: proverbs related to women in Kazakh and Turkish languages. Herald of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. No. 6 (400), P. 45-60] (in Kazakh)
- Gafarova, A.S. (2017) Posloviy VS pogovorki. Filologicheskije nauki. Voprosy teorii i praktiki. Tambov: Gramota, №11(77): V. 3-h ch. Ch. 2. S. 54-57 [Gafarova, A. (2017) Proverbs VS sayings. Philological sciences. Questions of theory and practice. Tambov: Gramota, No.11(77): in 3 parts. Part 2. P. 54-57] (in Russian)
- Gvozdev, V.V. (1979) O strukturno-semanticheskikh osobennostjakh teksta poslovic (na materiale francuzskogo jazyka). Sbornik nauchnyh trudov. MGPIYA im. M.Toreza. Moskva, S. 186-197. [Gvozdev, V. (1979) On the structural and semantic features of the text of proverbs (based on the material of the French language). Collection of scientific papers. Moscow State Pedagogical Institute named after. M. Thorez. Moscow, P. 186-197] (in Russian)
- Gönen, S. (2006) Türklerin manzum atasözleri üzerine bir araştırma [Gönen, S. (2006) A study on proverbs in verse form in western Turks. Konya, 729 p.] (in Turkish)
- Gönen, O. (2022) Türk atasözlerinde sözlü iletişim unsurlarının sunumu. İzmir, 2022. 339 s. [Gönen, O. (2022) Presentation of verbal communication elements in Turkish proverbs. İzmir, 339 p.] (in Turkish)
- Gürsu, U. (2009) Kazak Türkçesi ve Türkiye Türkçesindeki atasözlerinin karşılaştırmalı olarak incelenmesi. İstanbul, 1608 s. [Gürsu, U. (2009) A Comparative Study of Kazakh and Turkish proverbs. İstanbul, 1608 p.] (in Turkish)
- Hasan, H. (1997) Makedonya ve Kosova Türklerinde Kullanılan Atasözleri ve Deyimler. Ankara: Türk Dil Kurumu, 120 s. [Hasan, H. (1997) Proverbs and Idioms Used by Turks in Macedonia and Kosovo. Ankara: Turkish Language Association, 120 p.] (in Turkish)
- Kambarova, M.A. (2023) Semanticheskije harakteristiki poslovic kazahskogo jazyka s bazovoj leksemoj «chelovek». Tiltany. №4(92). Almaty, S. 45-55 [Kambarova, M. (2023) Semantic characteristics of proverbs of the Kazakh language with the basic lexeme «man». Tiltany. № 4(92). Almaty, S. 45-55] (in Russian)
- Kornilov, O.A. (2011) Jazykovye kartiny mira kak proizvodnye nacionalnyh mentalitetov. Moskva: KDU, 350 s. [Kornilov, O. (2011) Linguistic worldviews as derivatives of national mentalities. Moscow: KDU, 350 p.] (in Russian)
- Mankeeva, Zh. (2008) Qazaq tilindegi jetnomadeni ataulardyng tanyndyq negizderi. Almaty: Zhibek zholy, 356 b. [Mankeyeva, Zh. (2008) Cognitive bases of ethnocultural names in the Kazakh language. Almaty: Zhibek zholy, 356 p.] (in Russian)

Kazakh)

Mankeeva, Zh. (2021) Qazaq sozining sinergijasy. Almaty: Qazaq universiteti, 272 s. [Mankeyeva, Zh. (2021) Synergy of the Kazakh word. Almaty, 272 p.] (in Kazakh)

Muallimoglu, N. (1990) Turkish Delights A Treasury of Proverbs and Folk Saying. Istanbul. (in English)

Pihtovnikova, L.S. (2010) Pragmalingvistika i lingvopoetika malyh form i sinergetika diskursa (odno iz napravlenij Hakovskoj lingvisticheskoy shkoly, germanskije jazyki). Aktualnye problemy filologii: jazykoznanie, perevodovedenie, metodika prepodavanija filologicheskix mezhvuzov. nauch. konf., 28-29 maja 2010: tezisy dop. Mariupol: PGTU, S. 14-18 [Pikhtovnikova, L. (2010) Pragmalinguistics and linguopoetics of small forms and synergetics of discourse (one of the directions of the Hakovian linguistic school, Germanic languages). Current problems of philology: linguistics, translation studies, methods of teaching philology at interuniversities. scientific Conf., May 28-29, 2010: additional abstracts. Mariupol: PSTU, P. 14-18] (in Russian)

Pihtovnikova, L.S. (2005) Stilistika i sinergetika diskursa. Harkov: Konstanta, S. 29-35. [Pikhtovnikova, L. (2005) Stylistics and synergetics of discourse. Kharkov: Constanta, P. 29-35] (in Russian)

Qaidar, A. (1998) Qazaq jetnolingvistikasy. Qazaq tilining ozekti maseleleri. Almaty, 304 b. [Kaidar, A. (1998) Kazakh ethnolinguistics. Actual problems of the Kazakh language. Almaty, 304 p.] (in Kazakh)

Salimova, L.M. (2012) Teorija jazykovoju lichnosti: sovremennoe sostojanie i perspektivy issledovanija. Vestnik Bashkirskogo universiteta. Serija Filologija i iskusstvovedenie. №3. S. 1514-1517. [Salimova, L. (2012) The theory of linguistic personality: current state and prospects for research. Bulletin of the Bashkir University. Series Philology and art history. No.3. P. 1514-1517.] (in Russian)

Tash, H. (1995) Erzurumda kullanılan atasözleri ve deyimler. Türk Dil Kurumu. Ankara, №525. S. 1025-1032 [Tash, H. (1995) Proverbs and idioms used in Erzurum. Turkish Language Society. Ankara, №525. P. 1025-1032] (in Turkish)

Torun, Y. (2002) Dokuztekne Köyünden Derlenen Atasözleri ve Deyimler Üzerine Bir İnceleme. Çukurova Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi. Adana, S. 185-192 [Torun, Y. (2002) A Study on Proverbs and Idioms Compiled from Dokuztekne Village. Çukurova University Social Sciences Institute Journal. Adana, P. 185-192] (in Turkish)

Yanar, A. (2023) Hayvan Motifli Atasözleri ve Deyimlerimiz. Ankara: Parana Yayınları, 389 s. [Yanar, A. (2023) Proverbs and Idioms with Animal Motifs. Ankara: Parana Publications, 389 p.] (in Turkish)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 14.06.2024

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 21.12.2024

© Динаева Б.Б., 2024

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024